

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының педагог - психологтары 2025-2026 оқу жылының ақпан – наурыз айларында жүргізілген жұмыстарының мәліметі

5-11 сынып оқушылар арасында Аутодеструктивті мінез құлық , зорлық – зомбылық, суицид, жыныстық сипаттағы қылмыстар, буллинг мінез құлық фактілерін анықтау мақсатында **Weglobal.ai** платформасы бойынша ақпан айында 5-6 сыныптардан О. Н. Хмельницкаяның «Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» экспресс-әдістемесі жүргізілді. Жалпы – 287 оқушы қамтылды. **Жасыл** – 238 , **сары** – 34, **қызыл** – 15 анықталды. **С.Мадди - Д.Леонтьевтің Өміршендікті диагностикалау әдістемесі** 7- 11 сыныптармен жүргізілді. Жалпы – 520 оқушы қамтылды. **Жасыл** – 228, **сары** – 234, **қызыл** – 35 анықталды. Анықталған сары, қызыл деңгейдегі оқушылармен жеке кеңес беру, топтық түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді. «Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» экспресс-әдістемесі бойынша – **49** оқушы жеке кеңеске шақырылды. Жалпы 7 сыныппен топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. **Өміршендікті диагностикалау әдістемесі** бойынша- 269 оқушыға жеке кеңес берілді. Жалпы 15 сыныппен топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1DQ7Yk1mZg/?mibextid=wwXIf> <https://www.facebook.com/share/v/1CGq175Mtr/?mibextid=wwXIf>
<https://www.facebook.com/share/p/1Hov4x5UBx/?mibextid=wwXIf>



Жеке кеңес беру нәтижесінде анықталған оқушылар бойынша сынып жетекшісіне ескертіліп, ата-аналарға хабар берілді. Нәтижесінде Аудандық орталық емхана психологы Қамбарова Гүлзат Жамбылқызына – 5 оқушы жолданды. Ақпан айында келіп түскен сигнал парағының саны – 3 оқушы. Сынып жетекшісінен келіп түскен сигнал парағы негізінде оқушы сабақтан себепсіз көп қалуы, сабаққа қызығушылығы төмен, сабақтың өтуіне кедергі жасайды. Сынып жетекші тарапынан ата-анасы шақырылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Анықталған мәселелерге сәйкес оқушымен келесі бағыттарда жұмыстар жүргізілді. Жеке кеңес беру, өзін – өзі бағалау және сенімділікті дамыту, оқу мотивациясын арттыру бойынша «Аяқталмаған сөйлем» , «Ағаш» әдістемесі алынды. Нәтижесінде өзін – өзі бағалау деңгейінің жоғары екендігі анықталды. Қазіргі таңда оқушыда оң өзгерістер байқалады, психологиялық жұмыстар жалғасады.

16.02.2026 оқу жылында 8-11 сынып қыз балалар арасында «Кәмелетке толмаған қызбалалар арасында ерте жүктілікті алдын алу» тақырыбында орталық аурухананың отбасын жоспарлау бөлімінің дәрігері А.Мусиралиева және орталық емхана психологы Г.Қамбаровамен кездесу өткізілді. Кездесудің мақсаты: жасөспірімдердегі ерте

жүктіліктің алдын алу ерекшеліктерін түсіндіру, жасөспірімдердегі жүктіліктің қалаусыз алдын алу бойынша кеңес беру. Кездесу барысында ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зиянын түсіндіріп өтті. Жиналыс соңында психолог маманы “ 1 минуттық арман “ сергіту сәтімен аяқтады. Оқушылар түрлі сұрақтар қойып, келген мамандардан толықтай жауаптарын алды.
<https://www.facebook.com/share/p/18aRRm1ehP/?mibextid=wwXlfr>



Наурыз айында С. Г. Корчагинаның "Жалғыздықты сезіну шкаласы" әдістемесі 5-9 сыныптардан алынды. Жалпы – 633 оқушы қамтылды. Жасыл – 524 , сары – 93, қызыл – 15 . Жалғыздық себептерін (буллинг, отбасылық жағдай) анықтау мақсатында- 42 оқушыны жеке кеңеске шақырылды. Қолдау атмосферасын құру, агрессияны төмендету, оқушыны ынталандыру мақсатында-6 сыныппен топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жеке кеңес беру нәтижесінде анықталған оқушылар бойынша сынып жетекшісіне ұсыныстар берілді, әлеуметтік оқшаулануды болдырмау үшін мектепшілік іс-шараға, сыныпта ұйымдастырылатын ашық сабақтарға оқушыларды толық қатыстыр, жасырын буллингті мұқият қадағалау, агрессия, тұйықтық, төмен өзіндік баға сияқты жалғыздықтың типтік белгілеріне назар аударылуы ескертілді. Анықталған оқушылардың ата-аналарына баланың сезімдерін тыңдау және оны айыптамау, үйде эмоционалды қауіпсіз кеңістік қамтамасыз ету, отбасылық уақытты бірге көбірек өткізу, бала жаңа адамдармен таныса алатын үйірмелерге қатыстыру. Туыстарымен немесе отбасы достарымен тұрақты байланыс орнатуға қолдау көрсету мақсатында ұсыныстар айтылды.
<https://www.facebook.com/share/1HRBWJF1G8/?mibextid=wwXlfr>. <https://www.facebook.com/share/1HRBWJF1G8/?mibextid=wwXlfr>



<https://www.facebook.com/share/1GoW7ax4DY/?mibextid=wwXIfr>

02.03.2026 оқу жылында 8-9 сынып қыз балалар арасында «Ерте жүктілік және оның жасөспірім қызбалалардың денсаулығына зияны» тақырыбында мектеп психологтарының ұйымдастыруымен емхана психологы Гүлзат Жамбылқызымен семинар өткізілді.



Семинардың мақсаты: Жасөспірімдердегі ерте жүктіліктің алдын алу ерекшеліктерін түсіндіру

Жасөспірімдердегі жүктіліктің қалаусыз алдын алу бойынша кеңес беру.

Семинар барысында ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зиянын түсіндіріп өтті. Оқушылар түрлі сұрақтар қойып, келген маманнан толықтай жауаптарын алды.

<https://www.facebook.com/share/1BhA9Hfu45/?mibextid=wwXIfr>



04.03.2025 ж 10-11 сынып қыз балалар арасында

«Ерте жүктілік және оның жасөспірім қызбалалардың денсаулығына зияны» тақырыбында мектеп психологтарының ұйымдастыруымен емхана психологы Гүлзат Жамбылқызымен семинар өткізілді.

Семинардың мақсаты:

- * Жасөспірімдердегі ерте жүктіліктің алдын алу ерекшеліктерін түсіндіру
- * Жасөспірімдердегі жүктіліктің қалаусыз алдын алу бойынша кеңес беру.

Семинар барысында ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зиянын түсіндіріп өтті. Оқушылар түрлі сұрақтар қойып, келген маманнан толықтай жауаптарын алды.

<https://www.facebook.com/share/v/1C3fhAFpCT/?mibextid=wwXIfr>



06.04.2026 оқу жылында «Біріміз бәріміз үшін-бәріміз біріміз үшін» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында онкүндік өткізілді. Аталған іс-шараның басты мақсаты – оқушылар арасында бірлік, өзара қолдау, достық қарым-қатынас пен психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру.

Салтанатты жиын барысында оқушылар мен ұстаздар белсенділік танытып “Сенің көңіл- күйің қандай? диагностикасы жүргізіліп, түрлі психологиялық жаттығулар мен тренинг элементтері ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1FNcwqyWHN/>



08.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбында онкүндіктің аясында, бірінші ауысымның оқушыларына «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында профилактикалық іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың психологиялық саулығын нығайту, жағымсыз эмоцияларды дұрыс басқаруға үйрету, қиын жағдайларда көмек сұрай білу дағдыларын қалыптастыру және өз-өзіне зиян келтіру әрекеттерінің алдын алу.



09.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбындағы онкүндік аясында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында 8 сыныптар арасында «Сенімді қадам – болашаққа бастар жол» атты тренинг сабағы өткізілді. Тренинг барысында оқушыларға өз-өзіне сенімділікті арттыру, қиындықтарды жеңе білу, жағымды ой қалыптастыру және өмірлік құндылықтарды бағалау бағытында түрлі психологиялық жаттығулар мен ойындар ұсынылды. Қатысушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізіп, бір-біріне қолдау көрсетті.



09.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбындағы онкүндік аясында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында 6-7 сыныптар арасында «Сенімді қадам – болашаққа бастар жол» атты тренинг сабағы өткізілді.

Тренинг барысында оқушыларға өз-өзіне сенімділікті арттыру, қиындықтарды жеңе білу, жағымды ой қалыптастыру және өмірлік құндылықтарды бағалау бағытында түрлі психологиялық жаттығулар мен ойындар ұсынылды. Қатысушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізіп, бір-біріне қолдау көрсетті.



10.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбындағы онкүндік аясында ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында “Мен және отбасым” тақырыбында мектепшілік спорттық жарыс өткізілді.

Аталған іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ата-аналар мен оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Жарыс барысында отбасылар ұйымшылдық пен бірліктің үлгісін көрсетіп, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бұл шара ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтып, отбасы құндылықтарын дәріптеуге үлкен ықпал етті.





10.04.2026 оқу жылы «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбында онкүндіктің аясында. 11 сынып оқушылары

"Баршаға бақыт сыйлаймыз" акциясын ұйымдастырды

Іс-шараның негізгі мақсаты: "Табиғатқа бір қадам-тал егумен басталады!"

Қоғамға жағымды көңіл -күй қалыптастыру және әрбір адамға қуаныш сыйлау. Қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту және таза әрі эстетикалық кеңестік қалыптастыру.

Акция барысында бітіруші түлектеріміз өздерінің мектепке деген ағаш егу арқылы үлестерін қосты

13.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбында онкүндіктің аясында , «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында ата- аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді . Іс-шара барысында ата-аналарға аутодеструктивті мінез-құлықтың себептері, белгілері және оның алдын алу жолдары жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, балаға психологиялық қолдау көрсету, тиімді қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды.

Ата-аналар белсенді қатысып, өз пікірлерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Кездесу өз мақсатына жетіп, қатысушыларға пайдалы ақпараттар берілді.



13.04.2026 оқу жылында "Біріміз - бәріміз үшін, бәріміз - біріміз үшін" тақырыбындағы онкүндік жоспарына сәйкес, қосымша білім беру педагогы Г.Демеуованың ұйымдастыруымен 7"Б" сыныбының оқушыларымен "Б.П. әлеуметтік желілер буллингті күшейтеді деп есептейді" қарарына дебат өткізілді. Дебаттың мақсаты сыни ойлау, өз пікірін дәлелдеп айту, қоғамдағы өзекті мәселелерге көзқарастарын қалыптастыру.

Буллинг - жай ғана әзіл немесе уақытша жағдай емес, ол адамның психологиялық жағдайына үлкен әсер ететін күрделі мәселе екені, оқушыларға саналы көзқарас қалыптастыра алу, бір-бірімізге құрметпен қарап, қолдау білдіре білуіміз қажеттігі түсіндірілді.



14.04.2025 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбында онкүндіктің аясында, 5-11 сынып оқушылар арасында

"Жүректен жүреке" акциясын ұйымдастырды

Іс-шараның негізгі мақсаты – Оқушылар арасында достық, сыйластық қалыптастыру.

Қайырымдылықпен мейірімділікті насихаттау.

Шара барысында оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, өмірдің құндылығы, өзін-өзі бағалау, эмоцияларды реттеу тақырыптары талқыланды.



15.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» тақырыбында онкүндіктің аясында, "Мектеп – мейірім мен сенім мекені" тақырыбында. Бүгін мектебімізде ерекше әсерлі тренинг өтті. Бұл тренингтің басты мақсаты – бастауыш сынып оқушылар арасында өзара сыйластықты арттыру, мейірімділік пен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру болды.


Тренинг барысында түрлі қызықты ойындар, пікір алмасу, топтық жұмыстар ұйымдастырылып, әр оқушы өз ойын ашық жеткізуге мүмкіндік алды. Балалар бір-біріне жылы сөздер айтып, қолдау көрсетудің маңыздылығын түсінді.



15.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» атты онкүндік аясында «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында ата-аналарға арналған жиналыс өткізілді.

Жиналыстың негізгі мақсаты – ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті түсіндіру, отбасындағы психологиялық ахуалдың маңыздылығын арттыру және бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту болды.

Іс-шара барысында ата-аналарға баланың тұлғалық дамуы, психологиялық қолдау көрсету жолдары, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесінің өзекті мәселелері туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар, түрлі пікір алмасу мен тәжірибе бөлісу жұмыстары ұйымдастырылып, ата-аналар белсенділік танытты.



16.04.2026 оқу жылында «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» атты онкүндік аясында педагог-кәсіби бағдар беруші С.Жолдыбаева, Ә.Шералының ұйымдастыруымен «Кинотерапия» тақырыбында оқушыларға тәрбиелік мәні жоғары қысқаметражды фильм көрсетіліп, талқылау жұмыстары өткізілді. Кинотерапияның мақсаты – оқушылардың эмоционалдық дамуына ықпал ету, өз сезімдерін түсініп, оны дұрыс жеткізе білуге үйрету, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, өмірлік жағдайларға сыни көзқараспен қарауға дағдыландыру.

17.04.2026 оқу жылында «Бәріміз біріміз үшін – біріміз бәріміз үшін» Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында ДТЖО мен педагог-психологтарының ұйымдастыруымен мектебімізде өткен психологиялық онкүндіктің қорытындысы



20.04.2026 оқу жылында 3-4 сыныптар арасында «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты: Оқушының өз ойын жүйелі және ашық жеткізу қабілетін дамыту, ішкі сезімдері мен эмоцияларын анықтау.

3 сыныптар бойынша 118 оқушыдан алынды. Жалпы 13 оқушы анықталды. 4 сыныптар бойынша 126 оқушыдан алынды. Жалпы 6 оқушы анықталды. Анықталған оқушылардан түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

22.04.2026 оқу жылында «Сенімділікке қадам» тақырыбында 3-4 сыныптар арасында тренинг жүргізілді.



Weglobal.ai платформасы бойынша мамыр айында 5-11 сыныптар арасында CES-DC депрессивтілік сауалнамасы алынды.

Балалардағы депрессия деңгейін эпидемиологиялық зерттеуге арналған CES-DC шкаласы депрессивті симптомдарды сипаттауға арналған 20 тармақтан тұратын өзін-өзі бағалау тұлғалық сауалнамасы болып табылады. **Жалпы** – 802 оқушы қамтылды. **Жасыл** – 782, **сары** – 0, **қызыл** – 20 анықталды. Анықталған оқушылармен топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 9-11 сыныптар арасында **"Сәттілікке сенімді қадам"** тақырыбында түзету – дамыту жүргізілді



Сауалнама нәтижесі бойынша 5-7 сыныптар арасында **"Қобалжуды жеңемін"** тақырыбында түзету – дамыту өткізілді.




Қ.Тұрсынқұлов атындағы жылы 13 мамыр күні **"АДАЛ АТА-АНА – ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ"** тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Түркістан облысы, Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты мектеп-гимназиясы КММ-де 2026

✧ Жиналыстың мақсаты:

- Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Ата-ана жауапкершілігін арттыру;
- Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту;
- Құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың және қауіп-қатердің алдын алу;



Педагог – психологтар :

С.Азимбаева
А.Кульбаева
Ә.Әблахан